

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің  
«Қарлығаш» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны



Келісіді  
Жаңаарқа аудандық білім  
бөлімінің әдістемелік  
кабинет меңгерушісі  
Достаева Г.И.



Бекітемін  
«Қарлығаш» бөбекжайы КМҚК  
директоры  
Калина К.З.



«Жас шахматшы»  
Авторлық бағдарлама  
(Ересек тобына арналған)  
2022-2023 оқу жылы

Жаңаарқа кенті

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің  
«Қарлығаш» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

**«Жас шахматшы»  
Авторлық бағдарлама**



Құрастырған:  
Абдикаримова Ш.М.  
Педагог-психолог

Жаңаарқа кенті

Ұлытау облысы білім басқармасының Жаңаарқа ауданы білім бөлімінің  
«Қарлығаш» бөбекжайы» коммуналдық мемлекеттік қазыналық кәсіпорыны

Пікір білдірушілер:

Директор: Кадина К.З.

Педагог-ұйымдастырушы Жүмке Д.Б.

«Қарлығаш» бөбекжайында «Жас шахматшы» бағдарламасы балаларға ойын арқылы үйретуге бағытталған.

«Жас шахматшы» бағдарламасы мектепке дейінгі ұйымдардың педагогтеріне ойын технологиясын қолдану арқылы сабақты қызықтыра үйретуге көмектеседі.

Бағдарлама ересек топ балаларына вариативтік бөліміндегі үйірме жұмысы арқылы жүзеге асырылады.

## Мазмұны

### Түсінік хат

«Жас шахматшы» бағдарламасының негізгі мақсаты, міндеті, өзектілігі, күтілетін нәтижесі

Бағдарламаның құрылымы және өткізу түрі

«Жас шахматшы» бағдарламасының жылдық жоспары

Шахмат ойыны ұйымдастырылған оқу қызметінің үлгісі

Қорытындысы

Қолданылған әдебиеттер

## Түсінік хат

Әдістемелік ұсынымда мектепке дейінгі ұйымдағы ересек тобында шахмат ойынын үйретудің бағдарламалық материалының мазмұны берілген.

Шахмат ойыны мектепке дейінгі тәрбие мен оқытудың жоспары бойынша бекітілген ұйымдастырылған оқу іс-әрекеттер аясынан тыс уақытта 5 жастағы балалармен екі аптада (0,5) жүктемесімен өткізіледі.

Шахмат ойыны Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігінің 2012 жылы 20 желтоқсандағы №557 бұйрығымен №1 қосымшасы негізінде мектепке дейінгі тәрбие мен оқыту базалық жоспары бойынша бекітілген. Ұйымдастырылған оқу қызметі аясынан тыс уақытта 5-6 жастағы балалармен өткізіледі. Осы бұйрыққа сүйене отырып, бөбекжайда балалардың жас ерекшеліктерін, қабілеттерін ескере отырып, «Жас шахматшы» бағдарлама-жобасы құрастырылып, вариативтік бөлімде үйірме жұмысы ретінде жүргізілуде.

Шахмат ойыны – баланың жеке тұлғасын жан-жақты дамуына әсер ететін маңызы бар ойын. Ойынды үйреніп, ойнау барысында баланың есте сақтау қабілеті, логикалық ойлауы, кеңістікті бағдарлай білуі, зейіні, ерік-жігері дамиды және қарсыласын сыйлай білуге, тәртіптілікке тәрбиелейді, Сондай-ақ шахмат ойыны тығырықтан шығу үшін тез шешім қабылдауға, өз іс-әрекеттерін болжай білуге, жүріс-тұрысын алдын-ала болжауға үйретеді.

«Жас шахматшы» бағдарламасы ересек топ балаларына бір айда екі рет (0,5)жүктемеге сай жүргізіліп, он сегіз (18) сағатты қамтиды.

**Бағдарламаның мақсаты:** «Жас шахматшы» бағдарламасы арқылы балалардың ой түйю қабілеттерін дамыту, логикалық ойлауын, ерік жігері дамыған, есепке жүйрік жас ұрпақ тәрбиелеу.

### **Міндеттері:**

1. балалар арасында шахмат ойнауға қызығушылық танымдық қабілеттерін анықтау;
2. шахмат ойыны балалардың ойлауына оң әсер ететіндігін дәлелдеу;

## **«Жас шахматшы» жобасының маңыздылығы мен өзектілігі:**

«Жас шахматшы» бағдарлама-жобасы баланың дамуына пайдасы зор. Шахмат баланы зиялылыққа, мықты ерік- жігерге тәрбиелейді.

Шахмат балаға үш түрлі әсер береді.

### **Бірінші:**

Шахмат ойнап, стратегиялық жоспар құру арқылы бала логикалық ойлауға үйренеді. Өйткені әр болашақ жүрісін есте сақтап отыруы қажет. Неше жүрістен кейін, қай жерде, қалай, қай фигурамен мат қылатыны алдын-ала есептейді. Бұл жерде баланың математикалық ойлау құрылымы іске асады. Шахматта есте сақтау дұрыс шабуылдау және қорғану үшін керек.

### **Екінші:**

Ерік-жігер күшін дамытады.

Шахмат ойынында қарсыласының жүрісін бағып отыру арқылы салқынқандылыққа, асқан шыдамдылыққа, эмоционалдық тұрақтылыққа үйренеді.

### **Үшінші:**

Ой тыныштығы.

Шахмат баланың миындағы жан дүниесіндегі күйзеліске жақсы әсер етеді. Себебі бала ойын барысында барлығын ұмытып, бөтен ойлардан арылады.

### **Бағдарламаның құрылымы және өткізу түрі**

Бөбекжайда «Жас шахматшы» ойынын үйірме жұмысы ретінде 5 жастағы балаларға, яғни ересек тобында жүзеге асырылады. Ұйымдастырылған оқу қызметі 25-30 минуттан аспауы керек. Жалпы сағат саны-18 сағат. Бір жылдық жоба. Айына екі рет, ұйымдастырылған оқу іс әрекеттер аясынан тыс жүргізіледі.

Дидактикалық ойындар мен тапсырмалар;

Практикалық ойын;

Теориялық зерттеулер, шахмат ойындары;

Шахмат турнирлері.

### **Бағдарламаның күтілетін нәтижелері:**

- Баланың тұлғалық, интеллектуалдық, коммуникативтік, жеке қабілеттілігінің дамуы.
- Шахмат ойынынан теориялық білім мен практикалық дағдыларды алуы.
- Іс-әрекеттің жаңа түрлерін меңгеруі (дидактикалық ойындар мен тапсырмалар, ойындық жаттығулар, сайыстар, турнирлар.)
- Шахматтық партияны басынан бастап аяғына дейін ережелер бойынша ойнай білуі, оқытудың соңғы нәтижесі болады.

### **Оқу жылының аяғында бала:**

- Шахматтық ойынның пайда болу тарихын;
- Шахматтық терминдерді: ақ және қара алаң, көлденең, тігінен, диагональ, орта, серіктестер, бастапқы қалып, ақтар, қаралар, жүріс, алу;
- Ойын алдында фигураларды дұрыс қою;
- Шахматтық фигуралардың аттарын: ладья, піл, ферзь, ат, пешка, король;
- Әрбір фигураның жүру және оны алу ережесін білу;
- Серіктестер арасында шахматтық тақтаны дұрыс орналастыру;
- Көлденең, тігінен, диагональді айыра білу;
- Қарапайым шахматтық есептерді шеше білуі тиіс.

Бекітемін  
«Қарлығаш» бобекжайының  
директоры:  Кадина К.З.



**«Жас шахматшы» жұмыс жоспар**

Қыркүйек	Тақырыбы	Мақсаты	Мазмұны	Құрал жабдықтары
	Раджа және данышпан туралы аңыз Таңғажайып шахмат әлемі	Шахмат ойынының шығу тарихымен таныстыру. Ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.	«Раджа және данышпан туралы аңыз» презентация	Шахмат
Қазан	Сиқырлы тақта	Шахмат тақтасымен таныстыру: ақ және қара тор көздері туралы мағлұмат беру	«Сиқырлы тақта» ертегісін тыңдап тәжірибие жүзінде қолдану. Дидактикалық ойын «Не ортақ?»	Гришин В.Г Шахматты балалар ойнайды. Торкөзді беттер 16X16см, қарындаш.
	Шахмат тақтасының таңқаларлық торлары..	Қызықты дидактикалық ойындар арқылы шахмат ойынына деген қызығушылықтарын арттыру.	«Шахмат тақтасының таңқаларлық торлары» ертегі. «Шахмат үйшігі» «Шахматты бауырсақ» дидактикалық ойын	Сухин И.Г. Ертегісі. Дидактикалық ойындар жинағы.

	<b>Король</b>	<p>Король жүрістерін көрсету. «Корольді жоймайды» ол нені білдіреді. Зейінін, ереже бойынша жұмыс істей білуге, дұрыс шешім қабылдай білу</p>	<p>Корольдің орны мен жүрістері. Корльдің жүрістерімен фигураларды алуы.</p> <p>Дидактикалық тапсырмалар: «Жалғыз алаңдағы жауынгер»</p>	<p>Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.</p> <p>Оқулық</p>
<b>Қараша</b>	<b>Король «Сыйқырлы төртбұрыш»</b>	<p>«Сықырлы төртбұрыш» түсінігін қалыптастыру. Корольдің «сыйқырлы төртбұрышты» қолдануы. Талдау, ойлау, талқылау қабілеттерін дамыту.</p> <p>Сөздікті белсендіру.</p>	<p>Ойында қолданатын сиқырлы төртбұрыш туралы әңгіме.</p> <p>«Қос соққы», «Фигураны алу», Дидактикалық ойындар , «Қарсылас алаңын жаулап алу», «Өз алаңыңды қорғау», «Жүрістердің шектелуі».</p>	<p>Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.</p> <p>Оқулық</p>

Жылтоқсан	Ладыя	Шахмат фигурасы «Ладыямен танысу» Ладыя жүрістерін көрсету, зейінін дамыту.	Ладыя жүрістері. Алу. Дидактикалық ойындармен тапсырмалар. «Өнім жинау», «Ладыя тақтай үстімен жүріп келеді»	Балалар санына байланысты шахмат тақтасымен фигуралар.
	Ладыя	Ладыямен таныстыруды жалғастыру. Фигура позицияларымен түрлі жүрістер көрсету. Өз бетімен ойлау, қолдың кішкентай моторикасын дамыту.	Дидактикалық ойындар, «Ойлан тап», «Аз үйме», «Орындықтың үстінде»	Балалар санына байланысты шахмат тақтасы мен фигуралар.
Қантар	Піл	«Піл» фигурасына жалпы түсінік. Пілдің жүрістері мен алуы.	«Мына піл мүлдем пілге ұқсамайды» ертегі оқу. Дидактикалық тапсырма. «Мектеп», «Түс»	Балалар санына байланысты шахмат тақтасымен фигуралар.

	<b>Піл</b>	<p>«Піл» фигурасына жалпы түсініктерін бекіту.</p> <p>Практикалық білімдерін қайталау.</p>	<p>Піл туралы жұмбақтар шешу.</p> <p>Дидактикалық тапсырмалар: «Лабиринт», «Жалғыз алаңда жауынгер».</p> <p>Дидактикалық ойын «Сиқырлы дорба»</p>	<p>Балалар санына байланысты шахмат тақтасымен фигуралар.</p> <p>Дидактикалық ойындар жинағы.</p>
<b>Ақпан</b>	<b>Ат</b>	<p>Шахмат фигурасы «Атпен» танысу.</p> <p>Шахмат алғаш құру кезіндегі аттың орны және жүрістері. Өз позициясын ойында қалдыра білуге және зейінін дамыту.</p>	<p>Аттың жүрісінің күрделі екенін түсіндіріп көрсету.</p> <p>Атпен жүру, фигураны алу.</p> <p>Дидактикалық тапсырма «Лабиринт», «Жалғыз алаңда жауынгер».</p>	<p>Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.</p> <p>Оқулық.</p>

	<b>Ат</b>	<p>Шахмат фигурасы «Атпен» танысуды жалғастыру.</p> <p>Кеңістікте бағдарлану, ойлана білу, ойлағанын анализдеу.</p> <p>Сөздікті белсендіру.</p>	<p>Тапсырма: «Қарсылас алаңын жаулап алу», «Фигураларды жою ойыны», (ат қарсы атқа және екі ат қарсы бір атқа) «Жүрістердің шектеуі».</p>	<p>Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.</p> <p>Оқулық.</p>
<b>Наурыз</b>	<b>Ферзь</b>	<p>Шахмат фигурасы «Ферзь» туралы білімдерін бекіту</p> <p>Шахмат алғаш құру кезіндегі ферзьдің орны. Ферзьдің басқа фигураларды алуы мен жүрістері;</p> <p>Практикалық дағдыларын қайталау.</p>	<p>«Фигураларды жою ойыны», (ферзь қарсы ферзьге), «Жүрістердің шектелуі»</p>	<p>Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.</p> <p>Оқулық.</p>

	<b>Ферзь</b>	Білімдерін бекіту және ферзь ойындарының практикалық дағдыларын қайталау	Қарсылас фигураларына шабуылдау, Фигураларды алу, «Фигураларды жою ойыны»	Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары. Оқулық.
<b>Сәуір</b>	<b>Пешка</b>	Пешканың алғашқы құру кезіндегі орыны; ладьялық пешка, аттық пешка, пілдік пешка, ферзілік пешка, карольдік пешкамен танысу. Пешка жүрістері, фигураны алуы мен қарсы өткен пешканы жеу. Пешканың басқа фигураға айналуы.	«Ғажайып пешка» ертегісін оқу. Дидактикалық тапсырма «Лабиринт» «Жалғыз алаңда жауынгер». Дидактикалық ойын «Сиқырлы дорба»	Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары. Оқулық.
	<b>Пешка</b>	Шахмат фигурасы пешкамен таныстыруды жалғастыру. «Пешка шайқасына» үйрету. Өз ойын айтуға ұмтылыс жасаған балаларды мақтау.	Дидактикалық тапсырмалар «Қарсылас фигураларына шабуыл жасау», «Қос соққы», «Фигураны алу», «Қорғаныс». Дидактикалық ойын «Қарсылас алаңын жаулап алу»	Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары. Оқулық.

<b>Мамыр</b>	<b>Мат және пат</b>	Балаларды тактикалық амалдармен таныстыру « мат және пат»	«Фигураларды жою ойыны» Көркем сөз (Пешкалар) Сұрақ жауап	Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары. Оқулық.
	<b>Интеллектуалды турнир</b>	Ойын тапсырмалары арқылы балалардың ойлау, талдау, талқылау қабілеттерін дамыту.	Ойын тапсырмаларын орындау.	Көрсету материалдар, ребустар. И.Г. Сухин.

## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 1-2


**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Раджа және данышпан туралы аңыз Таңғажайып шахмат әлемі

**Мақсаты:** Шахмат ойынының шығу тарихымен таныстыру. Ойынға деген балалардың қызығушылықтарын арттыру.

**Құрал жабдықтар:** слайд, ертегі кейіпкерлері

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	<p style="text-align: center;">Автор: Ерте, ерте, ертеде Үнді елінде үлкен бір патшалық болыпты. Бұл патшаның ерке Раджа атты жалғыз баласы болыпты. Өзі еш нарсеге қызықпайды екен, сабақта оқығысы , ойын ойнағысы келмейді екен. Баласын уайымдаған патша: «Кімде-кім менің баламды ойын арқылы қызығушылығын, зейінін, есте сақтау қабілетін дамытып, шыдамдылыққа, сабырлыққа, белсенділікке тәрбиелей білсе, сол адамның бар тілегін орындаймын» деп барша жұртқа елшілер жібереді. Бұл хабарды естіген көптеген елден ойыншылар, білім беру тәрбиешілер келіп ханзаданы ойын ойнату арқылы қызықтырмақ болады. Ханзада ешбіріне мойын бұрмай, мүлдем қызықпайды. Сөйтіп күн өтеді, ай өтеді, бір күндердің күнінде ханзаданың өзінің тәрбиешісі Данышпан ала түсті тақтайшаны ұстап отырғанын көреді</p> <p style="text-align: center;"><b>Раджа:</b> Данышпан қолыңда ала түсті не ұстап отырсың ?</p> <p style="text-align: center;"><b>Данышпан:</b> О, Раджам бұл үлкендер ойнайтын ойын</p> <p style="text-align: center;"><b>Р.</b> Неге үлкендер ойнайды?</p> <p style="text-align: center;"><b>Д:</b> Бұл ойында қарамағындағы сарбаздарды тұтқынға түсіріп алмай, көп ойды, сабырлықты талап ететін ойын</p> <p style="text-align: center;"><b>Р:</b> Оооо керемет! Бұл ойынның аты қалай? Тез арада мені үйрет. Менің ойнағым келеді.</p>	
Ұйымдастыру-іздігі		




**Д:** Мақұл Ханзадам. Бұл ойында жеңіс пен жеңіліс бар. Әрбір ойыншының иелігінде ақ немесе қара түсті он алты тас (шахмат фигурасы) болады: бір патша, бір уәзір, екі піл, екі ат, екі тура және сегіз пешка. Екі ойыншы арасында шахмат тақтасында ойналады. Ойын тақтасы 64 шаршыдан тұрады. Шахмат ойынының басты мақсаты- қарсыластың тастарына шабуылдай отырып, патшаға мат қою.


**Р:** Жақсы түсіндім әрі қарай. Оооо әке, мына ойын керемет екен

**Патша Ия,** балам, маған да қызықты болып барады, әрі қарай қалай мына тастар нені білдіреді, не істейді?

**Д.** Ал онда тыңданыздар (Музыка ойналады біртіндеп ортаға тастар кіреді)



**Мен ақ жақтың Патшасымын. Ал мен қара жақтың патшасымын .** Қалаған бағытымда жүре аламын. Ойынның басты кейіпкері болғандықтан маған көп жүрістің керек емес.



**Мен ақ жақтың Уәзірмін, ал мен қара жақтың уәзірімін.** Патшаның ең жақын адамымын. Алдында кедергі болмаған жағдайда алға да артқа да, оңға да, солға да, қиғашынан да жүру мүмкіндігім бар.

**Біз турамыз: немесе қамал деп те атайды,** аты айтып отырғандай, біз—елдің қорғанысы, қамалымыз. Біз екі-екіден төртеуміз. Алдында кедергі болмаған жағдайда, ақ шаршыдан қара шаршыларға аттап, төрт бағытта қадам баса аламын.

**Біздің шеніміз офицер** Ел ішінде бізді піл деп атайды. Біз екі-екіден төртеуміз. Қиғаштан ғана жүреміз. Тұрған шаршымыз қара болса, қара шаршылармен аттап, ақта тұрсақ, ақ шаршылармен жүре аламыз.

**Біз Жылқымыз:** Біздің жүрісіміз «Г» әрпіне ұқсас. Бізде екі-екіден төртеуміз. Біздің ерекшелігіміз алдымыздағы кедергіден аттап өтіп мақсатымызға жетеміз.

**Біз Пешкалармыз кішкентай сарбаздармыз:** біз тек қана алға жүреміз, артқа қарай қайта алмаймыз. Асықпай бір қадамдап жүріп біз кез келген ағаларымыздың шенін ала аламыз.



**Д:** Алғашқы қадамын бір шаршыдан аттап, екі шаршы қадам жасай алғанына қарамастан, оның қадамдары бір шаршыдан ғана тұрады. Басқа тастарды тек қиғашынан жей алады. Бұл сарбаздың жүрісі өте баяу, басқа

	<p>тастардың алдында тұрып оларды қорғайды. Осы ұландардың бір артықшылығы сол – тұрған орнынан қарсыласының ең бірінші ұяшығына дейін жететін болса, пешка және патшадан басқа кез келген тасқа айнала алады.</p> <p style="text-align: center;"><b>БИ шахмат тастарымен</b></p> <p><b>П:</b> Ооо мына ойын қызықты екен. Ал менің баламның қызығушылығын оятқаны үшін не сұрайсың? Қалағаныңды ал, қап- қап алтын берейін бе, әлде менің оң қолым, уазірім боласын ба?</p> <p><b>Д:</b> Жо-жоқ патша маған биліктің де, алтынның да керегі жоқ. Маған осы шахмат тақтасының әр ұяшығына бір- бір бидайды қойын соның әрқайсысын екі еседен көбейтіп, соның шыққанын берсеңіз болды патшам.</p> <p><b>Патша:</b> Ха-Ха- ха сондағы сұрағанын сол ма, Әй, уәзірлерім беріңдер сұраған бидайын.</p> <p><b>Уәзірлер:</b> бір- бір бидайдан қояды, оны қосады, санап санына жете алмайды да патшаға келіп:</p> <p>Оооо патшам, шахматшының тілегін орындай алмаймыз. Себебі, бүкіл әлем қорынан бидайды жинасақта мына шахматтың белортасына жете алмайды екенбіз</p> <p><b>Патша:</b> не дейсіндер? ол қалай болғаны? Әкеліндер өзім санайын, \шотты алып санайды да\ Оооо сенің ойлау қабілетің мықты екен, есепке жүйрік екенсің. Сен менің ақылшым, досым болшы және бәріне осы ойынды үйрететін ұстаз болшы</p> <p><b>Д:</b> жарайды патшам, ұсынысыңызды қабылдайын.</p> <p><b>П:</b> Тыңдаңыздар, тыңдаңыздар бүгіннен бастап «Шахмат» ойынын барлық адамзат кішкентай баладан, үлкен қарияға дейін ойнауды үйренсін. Ойын ойнаймын деушілерді менің патшалығыма шақырамын, жеңімпазға беретін сыйлығым бар</p>
<b>Рефлексивті-түзетушілік</b>	Ата аналар арасында Турнир

**Күтілетін нәтиже:**

**Негіз біледі:** Шахмат ойыны үстел үсті ойыны екенін

**Қандай түсініктерді игереді:** Шахмат ойынының шығу тарихын

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сабырлы болу, бір-бірін сыйлау

## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 3-4

**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Сиқырлы тастар

**Мақсаты:** Шахмат фигураларымен танысу.

Өз бетімен зейін қоюмен логикалық ойлау қабілетін дамыту.

**Құрал жабдықтар:** Балалар санына байланысты шахмат тақтасымен фигуралар.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	Шаттық шеңбері. -Балалар, бәріміз шаттық шеңберін құрып, бір-бірімізге жылы лебізімізді айтайық. - Ата-анамыз аман болсын! - Деніміз сау болсын! - Еліміз аман болсын! -Әрбір таңымыз жақсылыққа толы болсын!	Балалар шаттық шеңберін құрады.  Балалар тілектер айтады.
Ұйымдастыру- іздігіру	1. Сапқа тұрғызу. 2. Шахматтарды құру. 3. Жаңа тақырып түсіндіру  Шахмат фигураларымен танысу: ақ, қара.  Ладья, піл, ферзь, конь, пешка, король.  Шахмат фигураларының жиынтығы 32 фигурадан тұрады-16 қара және 16 ақ. Шахмат ойынын екі адам ойнайды, олардың әрқайсысы фигуралардың алты түрін алады:  ♔ / ♕ — бір корольді  ♖ / ♗ — бір ферзьді  ♘ / ♙ — екі ладьяны	

	<p>♙ / ♜ — екі пілді</p> <p>♘ / ♞ — екі атты</p> <p>♟ / ♡ — сегіз пешканы</p>  <p>Д/о «Ақ және қара»</p>	
<p><b>Рефлексивті-түзетушілік</b></p>	<p>Балалар бүгін біз қандай ойынмен таныстық?</p> <p>Шахмат тастары қандай түстерден тұрады</p> <p>Шахматтың қандай тастарын білдік</p>	<p>Шахмат ойыны</p> <p>Ақ және қара</p> <p>Ладья, піл, ферзь, конь, пешка, король.</p>

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Шахмат ойыны үстел үсті ойыны екенін

**Қандай түсініктерді игереді:** Шахмат тастарының атауларын

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сабырлы болу, бір-бірін сыйлау

## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 5-6

**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Король «Сыйқырлы төртбұрыш»

**Мақсаты:** Король жүрістерін көрсету. «Корольді жоймайды» ол нені білдіреді.

Зейінін, ереже бойынша жұмыс істей білуге, дұрыс шешім қабылдай білу

**Құрал жабдықтар:** Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
<p><b>Мотивациялық қызығушылық</b></p>	<p>Балаларға жұмбақ жасырады                      Қандай аланда өсімдік өспейді?                      Қандай торда аңдарды ұстамайды?                      Қандай тақтайдан үйшік тұрғызбайды?</p>	<p>Шахмат алаңы  Шахмат тақтасынан</p>
<p><b>Ұйымдастыру-іздігіру</b></p>	<p>Шахмат тақтасында король орнын көрсетіп, оның жүру түрлерімен таныстырады.</p> <p>Балалар біз бүгін шахмат фигурасы король яғни патшамен танысамыз.</p> <p>Король екі түсте болады ақ және қара.</p> <p>Шахмат тақтасында арнайы өзінің орны яғни ұяшығы болады. Патша ең үлкен, ауыр тас Қарсылас корольді алса ойын аяқталады</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Король кезкелген бағытта бір ұяшыққа ғана жүре алады</p>	




Диаграмма 1

### Д/о «шахматты бауырсақ»

Дидактикалық ертегі инстинировка ойынын былай өткізуге болады: «Ата» - король, «Апа»- ферзь, «пешка»- қоян, «түлкі -ат, «қасқыр»- піл, « аю» -ладья, «Бауырсақ»- шар. Бала барлық бауырсақ қашатын фигураларды атап шығуы керек. бірақ бұл ертегінің аяғында түлкі бауырсақты жеп қоймайды. Бауырсақ одан қашып кетеді.

Рефлексивті-  
түзетушілік

Король қандай түсте болады  
Король қалай жүреді

Ақ және қара  
Кез келген бағытта бір  
ұяшық жүреді

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Шахмат ойынының шығу тарихын

**Қандай түсініктерді игереді:** Шахмат тастарының атауларын

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сабырлы болу, бір-бірін сыйлау


## Ұйымдастырылған іс-әрекет №7-8

**Тақырыбы:** Ладья

**Мақсаты:** Шахмат фигурасы «Ладьямен» таныстырып, ладья жүрістерін көрсету және алғаш құру орынын көрсету арқылы зейінін дамыту.

**Құрал жабдықтар:** Балалар санына байланысты шахмат тақтасымен фигуралар.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	1. Амандасу. Сапқа тұрғызу. 2. Шахматтарды құру. 3. Жаңа тақырып түсіндіру	Балалар сапқа тұрады
Ұйымдастыру-іздігі	<p style="text-align: center;"><b>ЛАДЬЯ</b></p> <p>Балалар біз бүгін шахмат фигурасы ладьямен танысамыз. Ладьяны алып, шахмат тақтасында кез келген торкөзге қоюға болады. Ладья мұнараға ұқсайды, бірақ ол өте жылжымалы болып келеді.</p> <div style="text-align: center;">  </div> <p>Ладья түзу сызықтармен алға және артқа, оңға және солға қанша тор көз жүргісі келсе сонша жүреді. Қалаған кезде тоқтай алады.</p> <p>Ладья түзу сызықтармен жүреді: көлденеңнен және түзу. Ладья сызықты фигура.</p>	



Д/о «Ладья тақтай үстінде жүріп келеді».

Үнемі бағытын өзгертіп, ладьямен жүзейік.

Ереже. Ладья өз фигурасының үстінен немесе өзге фигуралардың үстінен секіре алмайды.

Бекітуге арналған тапсырмалар:

1.Тақтаға бір түсті бірнеше фигура және басқа түсті өз ладьяны қою.

2.Ладьямен қозғалу арқылы барлық пешкалар мен фигураларды жеп көріңіз.

3.Дәл осы тапсырманы ладьяның әр жүрісін атай отыра орандау.

2.Ладья жүрістері.

Д/о «Өнім жинау» тақтада қара түсті бірнеше пешка мен фигураларды орналастырып, оларды ақ ладьямен кезек кезек жою. Әр пешканы жоюға екі жүрістен артық

	қолданбау	
<b>Рефлексивті-түзетушілік</b>	Балалар бүгін біз қандай таспен таныстық? Ладья қалай жүреді	Ладья  Ладья түзу сызықтармен алға және артқа, оңға және солға қанша тор көз жүргісі келсе сонша жүреді. Қалаған кезде тоқтай алады.

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Шахмат тастары ақ және қара түстерден тұратынын

**Қандай түсініктерді игереді:** Шахмат тастарының атауларын

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Қарсыласты сыйлай білу керектігін



## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 9-10

**Білім саласы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Піл

**Мақсаты:** «Піл» фигурасына жалпы түсінік. Пілдің жүрістері мен алуы.

**Құрал жабдықтар:** шахмат тақтасымен фигуралар.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
<p><b>Мотивациялық қызығушылық</b></p>	<p>«Мына піл мүлдем пілге ұқсамайды» ертегі оқу</p>	<p>Балалар етегіні мұқият тындайды.</p>
<p><b>Ұйымдастыру-іздігі</b></p>	<p>Балалар шахмат ойынында төрт піл болады екі ақ, екі қара түстен.. Әр қайсының арнайы өз орны, жүруге арналған жолы болады. Ақ түсті піл міндетті түрде ақ ұйшықпен ғана жүреді мүлдем қараға бармайды, ал қара түсті піл қара ұйшықпен жүреді</p> <div style="text-align: center;">  <span style="margin-left: 10px;">— екі пілді</span> </div> <div style="text-align: center; margin-top: 20px;">  <p>Піл қиғашынан өз түсімен ғана жүреді</p> <p>Д/о «Сикырлы дорба»</p> </div>	

<b>Рефлексивті- түзетушілік</b>	Балалар бүгін біз қандай таспен таныстық? Піл қалай жүреді	Піл  Қиғашынан өз түсімен ғана жүреді

**Күтілетін нәтиже:**

**Негіз біледі:** Король мен Ладьяны біледі

**Қандай түсініктерді игереді:** Пілдің жүрісін үйренді

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Шахмат ойынында қарсыласының жүрісін бағып отыру арқылы салқынқандылыққа, шыдамдылыққа, эмоционалдық тұрақтылыққа үйренеді.


## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 11-12

**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Ат

**Мақсаты:** Шахмат фигурасы «Атпен» танысу. Шахмат алғаш құру кезіндегі аттың орны және жүрістері. Өз позициясын ойында қалдыра білуге және зейінін дамыту.

**Құрал жабдықтар:** шахмат тақтасымен фигуралар.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	Балаларды шеңберге отырғызып ат туралы не білетіндерін сұрау	Үй жануары Мінуге болады, қымыз, ет береді.
Ұйымдастыру-іздігі	<p>‘Дұрыс айтасындар балалар, біз бүгін шахмат ойынындағы ат туралы айтамыз. Ат ақ және қара түстен болады ақ жақта екеу, қара жақта екеу</p> <div style="text-align: center;">  <p>www.schaachess.ru Диаграмма 1</p> </div> <p>Ат тұрған ұяшықтан оңға, солға, жоғары немесе төмен екі ұяшы аттап өтіп, оңға немесе солға қарай бұрылып бір ұяшықта тоқтайды. Яғни «Г» әріпі секілді жүреді. Жолында тұрған кез</p>	

	келген тастан секіріп кете береді.  Д/о «Фигураларды жою» ойыны	
<b>Рефлексивті-түзетушілік</b>	Балалар бүгін біз қандай таспен таныстық? Ат қалай жүреді	Ат  «Г» әріпі секілді жүреді

**Күтілетін нәтиже:**

**Нені біледі:** Шахмат сиқырлы тақтасы туралы

**Қандай түсініктерді игереді:** аттың жүрісін

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Шахмат ойынында қарсыласының жүрісін бағып отыру арқылы салқынқандылыққа, шыдамдылыққа, эмоционалдық тұрақтылыққа үйренеді.

## Ұйымдастырылған іс-әрекет № 13-14


**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Ферзь

**Мақсаты:** Шахмат фигурасы «Ферзь» туралы білімдерін бекіту Шахмат алғаш құру кезіндегі ферзьдің орны. Ферзьдің басқа фигураларды алуы мен жүрістері; Практикалық дағдыларын қайталау.

**Құрал жабдықтар:** Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	Балалар шеңбер бойына отырып өлен жолдарын жаттайық	Балалар қайталайды
Ұйымдастыру-ізвестіру	<p>Көңілсіз жайыт болғанда</p> <p>Ойын ойна толғанба</p> <p>Мен білемін бір ойын</p> <p>Ладья, ферзь және піл</p> <p>Балалар осы айтылған тастардың ішіде қай тастарды білесіңдер</p> <p>Қай тасты бірінші рет естіп отырсыңдар</p> <p>Дұрыс бүгін біз шахмат ойынындағы ферзь тасымен танысамыз . Ферзь өте мықты тастардың бірі, Ферзь қатарда тұрғанда өзі қай түсті болса тура сол түсті ұяшықта яғни өз орында тұрады.</p>	<p>Ладья, піл</p> <p>Ферзь</p>



Ферзь тұрған ұяшықтан кез келген бағытта жүре алады оңға солға, алдыға , жаңға және қиғашынан (диагональ)  
Бірақ тастардың үстінен секіріп өте алмайды.

**Рефлексивті-  
түзетушілік**

Шахмат ойынында неше ферзь болады  
Ферзь қалай жүреді

Ақ ферзь біреу,  
қара ферзь біреу  
Кез келген бағытта  
жүре алады

**Күтілетін нәтиже:**

**Немі біледі:** Шахмат ойының тәртібін

**Қандай түсініктерді игереді:** Ферзь жүрісі қиғашынан (диагональ)

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Сабырлы болу, бір-бірін сыйлау


**Ұйымдастырылған іс-әрекет № 15-16**

**Білім дағдысы:** «Денсаулық», «Таным».

**Тақырыбы:** Пешка

**Мақсаты:** Пешка фигурасымен таныстырып, оның жүрісін үйрету.

**Құрал жабдықтар:** Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары.

Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
Мотивациялық қызығушылық	Ат пен пешка тағы бар Қатарда корольдің өзі де Қорғайды оны бір отряд Ойлап оның атын айт (Пешкалар)	Балалар қайталайды
Ұйымдастыру-іздестіру	Адамда емес, аңда емес Сағат емес, бірақ жүреді «Ғажайып пешка» ертегісі Шахмат ойынында ақ жақта сегіз пешкалар, қара жақта сегіз пешкалар болады. Пешкалар тек алдыға ғана жүреді. Қиғашынан шабуыл жасайды. Пешка бірінші жүрісінде екі ұяшық секіруге мүмкіндігі бар, кейінгі жүрісте бір ұяшыққа ғана жүреді.	Шахмат фигуралары
	 <p>Д/о «Сиқырлы дорба»</p>	
Рефлексивті-түзетушілік	Шахмат ойынында неше пешка болады пешка қалай жүреді	Ақ жақта сегіз, қара жақта сегіз болады Алдыға, Қиғашынан жиді

**Күтілетін нәтиже:**

**Негіз біледі:** Шахмат ойының фигураларын, олардың жүру ережелерін

**Қандай түсініктерді игереді:** Ферзь жүрісі қиғашынан (диагональ)


**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Ұстамдылыққа, қарсыласын сыйлай білуге

## Ұйымдастырылған іс-әрекет №17

**Тақырыбы:** Мат


**Мақсаты:** Мат деген түсінікке сөзге жалпы сипаттама беру, мат шахмат ойынының негізгі мақсаты екенін айтып көрсету.

**Құрал жабдықтар:** Шахмат тақтасымен шахмат алаңы, балалар санына байланысты шахмат фигуралары. Оқулық.


Оқу қызмет кезеңі	Тәрбиешінің қызметі	Баланың қызметі
<p><b>Мотивациялық қызығушылық</b></p>	<p>1. Амандасу. Сапқа тұрғызу. 2. Шахматтарды құру. 3. Жаңа тақырып түсіндіру</p>	<p>Балалар сапқа тұрады</p>
<p><b>Ұйымдастыру-іздігіру</b></p>	<p>Жана материял «мат» деген сөзге түсінік беру, көрсету.</p> <p>Шахты хабарлау міндетті емес.</p> <p>Шахмат ережелері белгілегендей, өз королін шахтың астына қойған немесе тастаған бір де бір фигура жүре алмайтынын ескерген жөн. Ойынның шарты қарапайым. Мат деп аталатын жағдай туғызу қажет. Мат – серіктестің жүрісінен кейін корольге оның фигурасымен шабуыл жасалып, сонымен қатар ойыншы өз жүрісімен шахтан қорғана алмайтын жағдай.</p> <p style="text-align: center;">Балалар маты</p> 	

Шах – қарсыластың жүрісінен кейін король оның фигурасымен шабуылға ұшыраған жағдай. Сондай-ақ пат болуы да мүмкін, король шахтың астында емес, алайда ойыншының кез келген әрекеті матқа әкеп соғатын жағдай.


1. Ферзьбен мат қою




2. Ладья мен мат қою



3. Пілмен мат қою



4. Атпен мат қою


	 <p>5. Пешка мен мат қою</p> <p>Дидактикалық ойын: «Мат па әлде мат емеспе?»</p>	
<p>Рефлексивті-түзетушілік</p>	<p>1. Өткенді талқылау.</p> <p>2. Шахматтарды жинастыру.</p> <p>3. Қоштасу.</p>	

**Күтілетін нәтиже:**

**Негіз біледі:** Шахмат тастарының аттарын жүрісін

**Қандай түсініктерді игереді:** Мат қою

**Меңгерген дағдылары мен іскерліктері:** Қарсыласын сыйлап, шыдамдылық таныту



## Ойындардың патшасы

Автор: Ерте, ерте, ертеде ойын әлемінің патшасы әр елдің ойындарын жинап қай ойын балаға пайдалы, қызықты, екекнін анықтау үшін барлық мықтымын деген ойыншыларды өз патшалығына жинайды

**Нұржігіт:** Тындаңаздар, тындаңыздар

**Нұрислам:** ойын әлемінің патшасының бұйрығымен барлық елдердің ұлттық ойындары паршалыққа жиналсын.

**Сақшылар:** Тоқта. Сен кімсің?

**Ойыншылар:**

**Төрехан** Бразилиядан келген футболшымын,

**Ералы** Мен тенисшым

**Жанбота** Қазақ елінен келген тоғызқұмалақшымын,

**Нұр** Үндістаннан келген шахматшымын,

**Омар** Батыс елінен келген компьютерлік ойындар боламын.

**Ойын әлемінің патшасы:** ал, ойындар менің ойын әлеміме қош келдіңіздер! Әр ұлттың өзінің ұлттық ойындары бар. Мен сол ойындардың ішінде өзгеше ойынмен танысқым келеді. Қарап тұрсам, мында біраз ойындар жиналған секілді. Ал, сөйлеңдер

**Төрехан** Мен, Бразилия елінен келген футбол ойыны боламын мен баланың денесін қатайтып, шапшандыққа үйретемін. Футбол ойынын барлық балалар қызығып ойнайды.

**Ералы** Мен, тенис ойыны боламын. Мен баланы жылдамдыққа үйретемін. Тенис ойнаған бала әдемі әрі сымбатты болады.

**Жанбота** Мен, қазақ елінен келген тоғызқұмалақ ойыны болам. Мен баланың ойлау қабілетін дамытып, ақылды болуға үйретемін.

**О:П:** ой қандай тамаша! Білем, білем бұл ойын өте керемет ойын

**О:П:** ал ақ, қара тахтаны құшақтап тұрсын. Сен қандай ойынсың?

**Нұр** Мен сонау үндістаннан елінен келген «шахмат» ойыны болам

**О:П:** ал бұл қандай ойын?

**Нұр** Шахмат ойыны баланың ақыл ойын дамытып, жеңімпаз болуға үйретеді



**О:П:** қандай керемет

**Омар** (Комп.ойыны) Ау патша мына ойындардың бәрі тамаша, бірақ біреуіде маған жетпейді. Менің ойындарымды ойнау үшін ақылды, күшті болу керек емес. Тек қана танертеннен кешке дейін менің ойындарымды ойнай берсе болды. Компьютер ойындарын балалардың бәрі жақсы көреді.

**Ойыншылар:** жоқ мені жақсы көреді менің ойыным қызықты балаға. Жоқ мен қызықтымен деп дауласады.

**О:П: Тоқтатындар:** Балаларға қай ойын қызықты , әрі пайдалы екенін өзім анықтаймын. Ал, балалар кәзір мен сендерге ойын атауларын айтамын сендер өздеріңе ұнайтын ойындарынды естігенде қол шапалақтау арқылы өз ықыластарынды білдіресіндер.(Футбол, Тенис, Тоғызқұмалақ, Шахмат, Комп. ойыны)

**О.П.** Ооо керемет балалар шахмат ойынын тандады.

**Нұр:** Олай болса Шахмат ойынының тастары келсін патшалыққа (**Би**)

**О.П:** Ооо қандай керемет бұл тастардың бәрі шахмат деп аталама?

**Нұр** Жоқ әр тастың өзінің аты бар, жүретін тәртібі бар

**О.П:** жеке жеке таныстыршы

**Омар** Музыка (Комп ойыны шығып) Мына ойынның меннен мықты болып кетуіне мен жол бермеймін. Не істесем екен? Қалай ойынды бұзсам екен? ·А, таптым- таптым бұлардың тастарын шатастырып жіберейін) о, қатырым ойынды бұздым ха-ха-ха

**О,П.**Қап Енді не істейміз ойынды қалай ойнаймыз, бірігіп кеткен тастарды қалай ажыратып орын-орынына келтіреміз.

**Нұр** Ау патша уайымдамаңыз тастар өз орындарын біледі

**ҚАМАЛ;АТ; ПЛ; УӘЗІР; ПАТША** орындарына тұрындар.

**Ойын патшасы:** бұлардың жүру ережесі қандай .

Нұр:

- Қамал тура алдына, артына және екі жанына жүреді
- Ат секіріп Г әрпі секілді жүреді
- Піл екі жаққа қиғашынан жүреді
- Үезір алдын, артына, екі жанына, қиғаштап жүреді.
- Патша кез-келген бағытта бір ұяшыққа ғана жүреді.

Біздің ұран

- **О.П:**Ооо мына шахмат ойыны тамаша ойын екен.
- **Тындаңыздар, тынданыздар** Бүгіннен бастап Шахмат ойынын барлық адамзат кішкентай баладан үлкен қарияға дейін ойнауды үйренсін. Ойын ойнаймын деушілерді менің патшалығыма шақырамын жеңімпазға беретін сыйлығым бар. Турнир басталсын.



### Қорытынды

«Жас шахматшы» бағдарламасы бөбекжайда балалардың жас ерекшелігі мен қабілетін ескере отырып вариативтік үйірме бөлімінде қолдануға болады.

Бұл бағдарламаны жүргізу барысында

- Бала өз бетінше шешім қабылдай алады;
- Бала назарын аударуға дағдыланады;
- Балада кең дүниетаным қалыптасады;
- Балада іс-әрекетін жоспарлау қалыптасады;
- Шахмат өзін-өзі ұстауға тәрбиелейді;
- Шахмат шығармашылыққа үйретеді.

Қолданған әдебиеттер:

1. Қазақстан Республикасы Білім және ғылым министірлігі 2012ж. 12 желтоқсандағы № 557 бұйрығы
2. Шахмат ойыны балабақшада Шымкен 2014
3. Мектепалды жастағы балаларға шахмат ойынын үйрету. Астана 2013